

**17. 07. 06.**

**1. Білім берудің тенденциялары.**

**Репродуктивті және тиімді  
білімді игеру тәсілдері.**

**2. Білімдік және құзырлық  
көзқарас.**

**Дербес –шығармашылық  
міндеттер**

**18. 07.06.**

# **1. Жобалау іс-әрекеттің маңызы**

**Жобалау циклін іске асыру,  
мақсат, міндеттерді  
тұжырымдау.**

**2. Іс-әрекетті  
ұйымдастырудағы объективті  
және субъективті  
қиындықтар**

**19. 07.06**

- 1. Тренинг. Жобамен жұмыс.  
Жобалау тапсырмаларын құру.  
Жобаны құру.  
Нәтижені бағалау.  
Жобаны қорғау  
Рефлексия. (Кері байланыс)**

## **Білім беру жүйесіндегі өзгерістерге негізделген әлемдік дамудың негізгі үрдістері мыналар болып табылады:**

- қоғам дамуының қарқындылығы;
- постиндустриалдық, ақпараттық қоғамға көшу, мәдениаралық өзара қатынас ауқымының кеңеюі;
- халықаралық ынтымақтастық нәтижесінде шешілуі мүмкін ғаламдық проблемалардың туындауы және өсуі;
- қоғамның демократиялануы;
- экономиканың қарқынды дамуы, бәсекелестіктің өсуі;
- адам капиталы мәнінің артуы.

# Осыған сәйкес дамыған елдердің білім беру жүйесінде төмендегідей тенденциялар байқалып отыр:

- білім беру философиясы мен әдіснаманың жаңаруы, білім беру мазмұнын құру әдістерінің өзгеруі, білім беру мазмұнындағы жетілдірілген моделдердің жасалуы, білім беруді басқарудың тиімді тәсілдерін іздестіру, жаңа білім технологияларының енгізілуі және т.б.;

- оқытудың дәстүрлі өнімсіз стилін ығыстырып, оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін жаңа дамытушы, сындарлы білім беру моделіне көшуі – терең және белсенді кәсіби бағдар берудің ерте жастан басталуы;

- оқушы жастарға азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік, көпмәдениеттілік, денсаулық сақтау және экологиялық тәрбие беру рөлінің күшейтілуі;

- білім ұйымдарының оқушыны әлеуметтендірудегі рөлінің артуы.

Қазақстандық жалпы орта білім беретін мектеп соңғы жылдары өзінің келбетін өзгертті. Білім беруді жаңарту жүйесін қолдайтын нақты қадамдар жасалды. Олардың ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының әзірлену және енгізілуі, кредиттік технология негізіндегі үш сатылы жоғары білім моделінің енгізілуі, білім сапасын бағалау критерийлерін әзірлеу жөнінде жұмыстар басталды. Бірақ қол жеткен жетістіктер адам капиталының дамуы мен орнықты экономикалық өсуді толық қамтамасыз ете алмайды.

## Қазақстанның білім беру жүйесінің даму деңгейіне кері ықпал ететін мынадай факторлар қалып отыр:

1. Білім мазмұнының оқушының оқуға қызығушылығын төмендететін және денсаулығына кері ықпал ететін ақпараттық сипатының басымдығы.
2. Орта білім беру жүйесінде диагностикалық мақсаттылықтың болмауы.
3. Білім берудің жеке тұлғаның дамуына емес, формальды нәтижелерге бағдарлануы.



4. Оқу жетістіктерін бағалауда оқушыны қызықтырмайтын, шынайылықты қамтамасыз етпейтін және қиындық тудыратын жағдайға душар ететін жүйенің сақталуы.

5. Жасөспірімдердің тұлғалық, азаматтық және адамгершілік қасиеттерінің жеткілікті дамымауы, өзін-өзі кәсіби анықтау мотивтерінің болмауы, өзіндік қызығушылығы мен өмірлік жоспарын сезіну деңгейінің төмендігі.

Қазіргі кезеңде 12 жылдық мектепке есептелген белгілі бір халықаралық білім беру стандарты қалыптасты.

Еуропа кеңесінің (1992ж) Декларациясына сәйкес 12 жылдық білім беру әлемдік білім кеңістігінде 136 елде жүзеге асырылуда. Олардың ішінде дамыған елдерден: АҚШ, Жапония, Германия, Франция және т.б. ТМД елдерінен 12 жылдық оқыту мерзімін Беларусь, Украина; Өзбекстан және Балтық елдері таңдады.

Қазақстанның 12 жылдық білім беруге көшуі білім берудің жаңа ұлттық моделін жобалаудың стратегиялық міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік береді.

Білім берудің күтілетін нәтижелері белгіленген мақсатқа сәйкес мектеп түлегінің негізгі құзырлығы төмендегіше анықталды:

**1. Құндылықты-бағдарлы құзыреттілік** – оқушының қоршаған ортаны бірдей қабылдайтын қабілеті, жоғары әдептілік құндылықтар негізінде жасампаз қоғам өмірінде өзінің рөлін таба білу біліктілігі, азаматтылығы мен елжандылығы. Бұл құзыреттілік өмірдегі түрлі жағдайларда шешім қабылдай білу білігін қамтамасыз етеді. Ең бастысы, өзінің Отаны Қазақстан патриоты болу, азаматтық, белсенділігін көрсету, саяси жүйені түсіну, болып жатқан әлеуметтік жағдайларға баға бере білу.

**2. Мәдениеттанымдық күзіреттілік** – жалпы адамзаттық мәдениет жетістіктері негізіндегі іс-әрекет тәжірибесін және қоғамдағы дәстүрлер мен жеке, отбасылық және әлеуметтік өмірдің мәдениет негіздерін, этномәдениеттік құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерін тани білі. Адам мен қоғамның дамуындағы ғылымның рөлін түсіну. Өзі халқының мәдениеті мен әлемнің мәдени көптүрлілігін түсіну және бағалауға мүмкіндік беретін мәдени-демалыс қызметін тиімді ұйымдастыру тәсілдерін игеру; рухани келісім мен толеранттылық идеяларына бейім болу.

### 3. Когнитивтік күзіреттілік – оқушының

зерттеу әрекеті мен өзіндік оқу-танымдық процесін қамтамасыз ететін кешенді күзіреттілік. Бұл күзірет өзінің білімділік қызметін ұйымдастыра білуді, сәйкес функционалдық сауаттылық талаптары негізіндегі білімді игеруде әлемнің ғылыми бағытын түсінуге ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеруге мүмкіндік беретін өзінің әрекетіне талдау және қорытынды жасау тәсілдерін қарастырады.

#### 4. Коммуникативтік күзiреттiлiк —

адамдармен өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін білуді, түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдыларын, қоғамдағы түрлі әлеуметтік рөлдерді орындауды, байланыстың нақты жағдайларда шешім қабылдау үшін байланыстың түрлі объектілерін қолдана алу білігін, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуын қарастырады.

**5. Ақпараттық-технологиялық күзіреттілік** – бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, талдай, таңдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, білім мен ақпараттық технологиялар мен техникалық объектілердің көмегімен жеткізуді жүзеге асыра білу және интерпретациялау білігі.

## 6. Әлеуметтік өзара қарым-қатынас

күзіреттілігі — отбасылық, еңбек, экономикалық, саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді азаматтық-қоғамдық тәжірибе мен білімге ие болуды білдіреді. Бұл күзірет әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға нақты талдау жасай білуді, шешім қабылдай білуді, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білуді, кәсіби бағдарын саналы таңдай алуды қарастырады.



7. Тұлғалық өзін-өзі дамыту күзiреттiлiк. Бұл күзiрет отбасылық, еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсендi азаматтық-қоғамдық қызмет бiлiмi мен тәжiрибесiнiң болуын бiлдiредi. Күзiрет нақты әлеуметтiк-қоғамдық жағдайларға талдау жасай бiлудi, түрлi өмiрлiк жағдайларға талдау жасай бiлудi, түрлi өмiрлiк жағдайларда, яғни өзiнiң мүмкiндiгiн нақты перспективалық жоспарлаумен салыстыра бiлудi, қызметiн өзiндiк қадiр-қасиет сезiмiмен ұйымдастыра бiлудi, өзiнiң өмiрi мен iсiне жауапты қарауды, жеке және қоғам пайдасына сәйкес шешiм қабылдауды және ықпал етудi қарастырады.

Аталған күзiреттiлiктi игеру оқушының жалпы орта бiлiм беретiн мектеп жағдайында нәтижелi әлеуметтендiрiлуiне ықпал етедi.

12 жылдық мектепке енгізілген бейіналды және бейіндік дайындық оқушының өз қабілеті мен өмірлік құқығына сәйкес өзін-өзі кәсіби анықтауында, болашақ кәсіби қызметін саналы да жауапты таңдауына едәуір тиімді дайындыққа қол жеткізуде олардың әлеуметтендіру мүмкіндігін кеңейтеді.

Әлеуметтендіру нәтижесі – қазіргі нарық жағдайы мен өзінің өмірлік жолын моделдеу мүмкіндігінде белсенді икемділік таныта алатын, әлеуметтік тәжірибе негіздері мен адамзаттық қатынастар мәдениетін игерген мектеп түлегі.